



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

уақыт пен кеңістіктің ауқымында ғана жүзеге асырылады. Әсіресе, уақыт пен кеңістіктің маңызы «Әбдіғаппар сері» сияқты сюжетті шығармаларда арта түседі. Біз осы әңгімедегі уақыт пен кеңістіктің болмысына бойлай отырып, мынадай тұжырымдарға қол жеткіздік:

Біріншіден, әңгімеге арқау етілген уақыт халқымыз басынан кешірген кезеңнің сипатын танытады, Әбдіғаппар бейнесі осы мақсатқа көркемдік қызмет еткен;

Екіншіден, автор өзінің негізгі идеялық мақсатына орай кеңістік ретінде салқын саясаттың ықпалын басынан өткізген қазақ ауылындағы өмір шындығын алған;

Үшіншіден, әңгімедегі уақыт пен кеңістік шығарманың идеялық мазмұнын айқындауда да, композициялық құрылымын қалыптастыруда да тікелей маңызды қызмет атқарған.

Қолданылған әдебиет

1. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. Бесінші том. – Алматы: Қағанат, 2002, - 420 б.
2. Есин А.Б. Время и пространство // Введение в литературоведение. – М.: Академия, 2010. – 350 с.
3. Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Художественная литература, 1975. – 475 с.
4. Майтанов Б. Абай және уақыт тұғырнамасы // abai-inst.kz
5. Хализев В.Е. Теория литературы // litmir.me, С.63.
6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 356 б.
7. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 208 б.

ОӘК 82-31(574)

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТІҢ «ЖУСАН ИІСІ» ПОВЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ

Құдайберген Балнұр Рысқұлқызы

balnur.8393_09@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С. Негимов

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қазақ әдебиетінің классигі Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі – соғыс шындығы мен тағдыр тауқыметі өткір суреттелетін шығарма. Бұл шығарма қазақ оқырмандарының сүйікті, сүйекті туындысына айналды. Өйткені, шығарма фрагменттері мектеп бағдарламасына, яғни 7 сыныптың қазақ әдебиеті оқулығына енгізілген. Оқиға желісі әрбір оқырманның жүрегін дүр сілкіндіріп, баурайды.

Соғыс кезіндегі қазақ ауылының көрінісі. Даласы азынап, соғысқа кеткен ер-азаматтардың артынан жылап қалған бала-шаға, әрбір отбасының ортақ қайғысы еді. Қазақ даласының осындай көріністерінің бірі, Ешкіөлмес дейтін қоңыр таудың етегінде орналасқан ауылды да шарпып өткенді. Жетім қалған Аянның аянышты тағдыры сүйек сырқыратады.

«Жусан иісі» төрт бөлімнен тұрады. Шығарманың басты кейіпкері – Аян.

Бірінші бөлімде Аянның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болады. Әжесінің жамағайын төркіндерінен пана іздеп, әжесімен бірге мың тоғыз жүз қырық екінші жылдың жазында ауылға көшіп келеді. Жастайынан жетім қалып, тағдыр тауқыметін тартса да, ешқашан жасыған емес. Ауылдың балалары ойнап жүріп Аянды көздері шалады. Бірден оның қасына топтала қалып, бас-аяғына шұқшия қарап сынағандай әсер қалдырады. Балалар Аянмен тез достасып, Аян екінші атаман болады. Ешкіммен төбелеспей, сөзге келмейтіндігі Аянның жақсы қасиеттерінің бірі еді. Ақкөңіл, ақылды,

адамды іш тартып тұратын жайдары жүзі, не десең де тез көне кететін жұмсақ мінезімен ерекшеленетін. Балаларды бірінен-бірін бөлген жоқ, бәрімен жақсы қарым-қатынаста болды. Бірақ бір күні Есікбай Аянға жөнсіз тиісіп, төбелесе бастады. Аянның ізеттілігі сол, ауыл ішінде емес, сайдың ішінде төбелесуге шақырады. Сайға барып ақ жейдесін шешіп бұтаға іліп қояды. Басында өзінен бойы ұзындау Есікбай жеңіп бара жатқандықтан, Аян бар күшін бойына жиып ақыр соңында жеңіске жетеді. Осы төбелестен кейін-ақ Аянға ешкім соқтықпайды.

Күзде оқу басталып, мектепте де өзінің зеректілігін бірінші күннен бастап көрсетеді. Оның арманы тезірек әріптерді танып, майдандағы ағасына хат жолдау еді. Қатарының алды болып, хат жазуды үйреніп, қасындағы балаларға да қол ұшын созады. Бірде Аян өрісте мал қайырып келе жатып үйретемін деп өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кетеді. Содан тобығы тайып, бір айдай ауырып жатады. Секірсе де, жүгірсе де тобығы тайғыш болып кетеді.

Екінші бөлімінде Аян сүйеніші болған әжесінен айырылып, майдан даласына аттанған ағасынан үміт күтеді. Сағынып хат та жазатын. Әжесі қайтыс болса да, сағын сындырмай, көңіл жұбанышы ретінде ертегілерді жанындағы достарына көп айтатын. Күнде бір ертегіні ойлап табатын. Ертегісінің көбісі «Ертеде бір жетім бала болыпты» деп басталады. Балалар күнде ертегі тыңдауды әдетке айналдырады. Ауа райы қаншалықты суық болса да, ертегіні үзбейді. Оның ертегісінің қызық болғаны соншалық, балалар ертегіге елтіп кетеді. Ертегі кейіпкерлерлерін көз алдыларына келтіріп, болып жатқан оқиғаның жанында жүргендей сезімде болады. Батырлар жайлы ертегіні тыңдаған кезде, соғыста жүрген аға-әкелерін еске алып, оларды тауып алып, бірге соғысуды армандайды. Бала қиялы шарықтағаны соншалық, өзге әлем құшағына еніп кеткендей күй кешеді.

Аянның сол кездегі армандары қазіргі заманда көрініс тапты. Балалардың сырғанайтын шанасын көріп «Мыналар шана ма?!» - деп мұрнын тыржитатын. «Шіркін, өзінің рулі бар, алдында шамы бар ылдига да, өрге де бірдей сырғанайтын шана болса...» дейтін. Ел өміріне өркениеттің суреттері келіп жеткендей әсер қалдырады.

Аян әжесінің тумаласы Бапай деген шалдың үйіне көшіп, сол жерде тұрады. Бірақ оған дұрыс күтіммен қарамайды. Әжесінен айырылса да, бала қамықпайды. Қанша қиындық көрсе де, кеудесіндегі мұңын тағдырға шақпайды.

Бір күні Аян балаларға сырын ашады. Ол күнде көкесінің пальтосын жамылып жататынын, одан жусанның иісі аңқып тұратынын айтады. Себебі әжесі ылғи «ағанды анау Жусанды төбенің үстінде, мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» дейтін. Менің ағамда жусанның иісі содан қалған деп сөзін аяқтап, ертегісін жалғастырады.

Ат қораның төбесінде отырып, ертегі дүниесіне еніп кеткен балалар өрттің қалай шыққанында байқамай қалады. Шетте отырған бір бала шылымын толық сөндірмей лақтырса керек, сабан желдің өтінде лезде лапылдап жанып, шалқып – көтеріліп кетеді. Сасқалақтап қалған балалар шөптен секіріп-секіріп түсіп, соңынан Аян секіргенде, тобығы тайып, «Ойбай, ая-ғым!...» - деп жан даусы шыға айқайлайды. Ауыл жақтан «Аттан! Аттан!» - деп жер-көкті басына көтере, қол бригадир Тұржан да жетеді. Армия қатарынан жақында ғана қайтқан, сол қолын білегінен оқ жұлып кеткен, бірақ өзі аса қатігез, мейірімсіз адам еді. Келген күні-ақ: «Қан көріп, қаным бұзылып келді...» - деп бәріне әлімжеттік жасайды. Сол Тұржан ат қораға жүгіріп жеткен бойда, қораның артында төрт бүктеліп шырқырап жатқан Аянды дәу керзі етігімен теуіп кеп жібереді. Аян қалпақша қалқып барып анадай жерге түскен. Тұржан енді оны қолындағы қамшымен тулақты сабағандай көміп-көміп алды да, тағы жа тепті-ай кеп. Бас демей, көз демей былшылдатып тебе берді. Әуелде құлындағы даусы құраққа шығып шырқырап: «Ағатайлап» шыңғырған Аянның біраздан кейін үні өшеді. Керзі етіктің астында жансыз заттай илектеніп жата берді. Содан Аян біраз ауырып үйінде жатты. «Ағам жақында келеді, сол кезде Тұржанға көрсетеді» деп, үмітпен балбырап ұйықтап кетеді.

Үшінші бөлімде соғыс жылдарында ауыл халқы отынға сабан жағатын. Малтатаспен бастырған астықтың сабаны орған қамыс сияқты ірі болады, арасында шала бастырылған,

кейде тіпті мұрны сетінемеген масақтар жиі кездесетін. Отқа жанғанда сабан дүр-дүр етіп лапылдап, ал масақтар бытырап кететін. Аян от жағып отырып, білдіртпей ғана сол масақтарды жинайды. Лапылдап жанған сабанның арасы бытыр-бытыр ете қалғанда, Аян қолын отқа тығып жіберіп, шала пісіп қалған күйелеш масақты лып дегізіп суырып алатын. Бапаймен оның кемпірі шай ішкен кезде, өздері талқанды шылап жеп, «сенің тісің бар ғой» деп, Аяанның алдына бір уыс қуырған бидай төгеді. Аяанның кешкі қорегі осы еді.

Жинаған күйелеш масақтарды алып, үгіп-үгіп аузына құятын. Автор Аянға келгенде, үйінен нан алып келеді екен. Нанды көрген Аян көзі оттай жанып, екі ұртына тықпалай жеп, қақалып қала жаздайтын.

Аяанның мінезі өте қызық еді. Бірде ол тұйық мінезді, бірде өзін мүлде танымай қаласың. Ол көп ойынға араласпаушы еді. Кешкі уақытта ғана балалардан шана сұрап, сырғанақты өзі жалғыз тебетін. Шанасына қанат біткендей болып, бар болмысымен қиын күндерді ұмытқандай, бір сәт болса да жеңілдеп қалатын.

Төртінші бөлімде көктем шыға жер түлеп, соқамен жер жырту науқаны басталады. Жас балалар өгіздің үстінде отырып, соқаның артын жесір әйелдер мен бой жеткен қыздар ұстайтын. Арайланып таң білінгеннен бастап, ымырт қараңғысына дейін жер жыртады.

Әйелдер қауымы зарлы үнмен сызылтып қана:

Көкше бір таудың биігін-ай!

Алыстағы бауырдан хат алудың қиын-ай, - деп ән шырқайды.

Балалардың әйелдерге қосылып жылауға «еркектік» намысы жібермейді. Өйткені алғаш соқаға шыққан күні Аян:

– Жылауды әркім біледі. Мықты болсаң нағыз еркектерше қиыншылықта жыламай бақ, – деген. Сондықтан «жасық екендерін» білдірмейді.

Аян өгізден құлап, аяғын тағы да тайдырып алады. Сөйтіп, егістіктен ауылға қайтады. Ағасын сағынып, аяғын тек ағасы майданнан келгенде, салғызам деп үміт етіп тағы да еске алады.

Қу соғыстың бесіктен белі шықпаған жасөспірімдердің балалық шағын тартып алып, жүректеріне біраз жара салды-ау... Сол жараның тыртығы өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау. Еш уақыт та ұмытылмайды. Асыр салар балғын шақтың мойнына тағдыр біздің қабырғамызға бар зілін салды. Сонда да басқасынан гөрі Аянға қатты батқан еді. Тағдыр оған деген де ештемесін аямады.

Үлкендер «жау шегінді» деп күнде бір қуанышты хабар айтады. Мұның өзі әркімге «ертең соғыс бітеді» дегенмен бірдей еді. Әскерден біртіндеп ер-азаматтар қайта бастады. Бәрі жаралы боп қайтқандар: бірі қолынан, бірі аяғынан, бірі қабырғасынан, бірі көзінен айырылғандар.

Бірақ, сөйтіп, жаралы боп қайтса да олардың әрқайсысының келуі қуаныш еді. Солардың бірде-бірі Тұржанға ұқсап: «Қан көріп қайттым, қаным бұзылды», - деп есірген жоқ.

...Қаралы қағаздар да толассыз келіп жатты.

Жаз ортасы кезінде, ыстық күннің бірінде ауылға тағы бір қаралы қағаз жетті. Бұл жолғы қаралы қағаз ешкімнің үйінен зарлы жоқтау айтатын дауыс шығарған жоқ. Көшеде ойнап жүрген балалардың ең соңында, белі бос штанының ауын бір қолымен көтере ұстап, сол аяғын көлденеңінен сүйрете солтақтай жүгірген күйде: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге кешегіден де қызық ертегі айтамын», - деп жалына дауыстай жүгірген Аянға келген еді. Ол үнсіз қабылдады. Қаралы қағазды ұзақ отырып, екі-үш рет оқыды да, төрт бүктеп ышқыр қалтасына тықты. Ойнап жүрген сыртынан қарап тұрып, олар тараған соң, ауылдың шетіндегі ат қораға барып кіреді. Артынан Сайын Мұратбеков те кіреді. Аян түкпірдегі қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң, көзін сұртті де қорадан шықты. Көзі қып-қызыл боп ісіп кетіпті. Қасындағы досына қарап жымылып:

– Күн ыстық иә, - деді.

Осыдан кейін бір жеті өткен соң Аян балалар үйіне жол тартты. Артында қалып бара

жатқан достарына қарап, күлімсіреп:

– Мен әлі бәріңе де хат жазып тұрамын,- деді. Есікбай арбаның артына жабысып ап оны бірталай жерге дейін шығарып салды. Арбадан түсіп қап, қара жолдың үстінде сексиіп ұзақ тұрды. Ол көңілсіз еді.

Аянның достары оны бірталай уақытқа дейін сөз қылып жүрді. Еске алды. Оның айтқан ертегілерін бір-бірлеріне қайталай айтып, көңіл көкжиектерінен өшіргісі де, ұмытқысы да келмеді.

КЕЙІПКЕРЛЕРІ

Аян – қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашы бар. Ешкіммен төбелесіп, сөзге келмейді. Әңгімеде өжет, қайсар, зерек, өте ақ көңіл, мейірімді, ақылды және де жетім бала болып суреттеледі. Тобығын шығарып алып, сол аяғын сүйретіп жүретін, шілбиген ақсақ қара бала. Өз ойынан балаларды таңғалдыратын ертегілер шығарады. Өте мейірімді бала. Сонымен қатар өте тапқыр, ақылды, білімді, зерек бала.

Садық – Аянның досы. Ауылда "бірінші атаман" атанған.

Есікбай – сидаң бойлы, қол-аяғы қара қайыстай қатқан ұзын, жүгіргенде алдына жан салмайтын, өзі төбелесқор, сотқар бала. Кейде қараптан-қарап келе жатып әркімге бір ұрынатын жаман әдеті бар. Әлі жеткенді аяқтан шалып қап, болмаса басынан тоқай алып жылатып жіберетін. Аян алғаш рет келген кезде, Аянмен төбелесіп, одан жеңіліп қалған еді.

Бапай – әжесінің тумаласы. Аянның әжесі қайтыс болғанда, Аянды асырап алған. Әйелі екеуі Аянға дұрыс күтім бермеген.

Тұржан – өте қатал, ауылдың бригадирі, аса қатыгез, мейірімсіз адам, жағымсыз кейіпкер

Иманжанов – Аян мен ауыл балаларының ұстазы.

Сайын Мұратбеков – ақкөңіл, мейірімді, Аянның жақын досы.

Жинақтай айтқанда, қара сөздің қас шебері Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі – соғыс тұсындағы ауыл өмірінің тынысын терең танытқан кесек шығарма, лирикалық прозаның көркем үлгісі.

Қолданылған әдебиеттер

1. С. Мұратбеков. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2003. – 397 бет.
2. Р. Тұрысбек, Қ. Байтанасова. «Қазіргі әдебиет» оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2015. – 388 бет.
3. Р. Сыздықова «Сөз құдіреті». – Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2014. – 296 бет.

ОӘК 821.512.122

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕЛІ

Құрманбаева Айжан Пердебекқызы

aizhan_94_k@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының

3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор А.Үсен

Адам баласы жастайынан дүниені танып білуге талпынып, заттар мен құбылыстар жайында білім жинақтайды, айналаны танып білуге құмартады. Өсе келе “дүние неге бұлай жаратылғандығы”, “адамның өсуі мен өлімінің сыры” жайында сұрақтар қоя бастайды. Міне, осы сияқты сұрақтарды білуі үшін оның дүниеге деген кең көлемдегі көзқарасы пайда болады.

Адамзаттың өткен дәуірі, қоршаған ортаға көзқарасы, ой-санасының айғағы мифтер